



Ұлан айнасы



ulanainasy

Газет 1932 жылдың 20 қарашасынан бастап шығады



Ұлан айнасы

№ 31 (8505), 31 ШІЛДЕ 2026 ЖЫЛ, ЖҰМА

e-mail: elmira@mail.ru

№31(8505), 31 ИЮЛЯ 2026 ГОДА, ПЯТНИЦА

● Президент

Қазақстанда ЖИ университеті ашылып, киберспорттан әлемдік дода өтеді



Қазақстан толық цифрланған мемлекет құруға кірісті. Елде Жасанды интеллект туралы заң қабылданып, жаңа Конституцияда азаматтардың цифрлық құқықтарына кепілдік берілді. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақ ойындары - 2026» халықаралық турнирінің ресми ашылуында айтты.

– Озық технологиялар барлық салаға еніп, адамдардың тұрмыс-тіршілігіне ықпалын тигізуде. Жаңа дәуірдің талаптарына сай болу үшін біз толық цифрланған мемлекет құруға кірістік. Қазақстан Парламенті Цифрлық кодекс және жасанды интеллект туралы арнайы заң қабылдады. Бұл заңдар аса маңызды саланың дамуына үлкен серпін берді. Басқаша айтсақ, бұл қадам еліміздің озық мемлекеттер қатарына қосылуының айқын дәлелі болды, – деді Мемлекет басшысы. Қазақстанда AI Sana мемлекеттік бағдарламасы арқылы қазірдің өзінде жүздеген мың азамат тиісті құзиреттер мен дағдыларды меңгерді. Биыл күзде Астанада ЖИ университеті ашылады.

– Елімізде нейрожелі көмегімен түсірілген фильмдердің халықаралық фестивалі өтеді. Сондай-ақ келесі жылы елордамызда Халықаралық киберспорт федерациясының қолдауымен әлемдік дода ұйымдастырылады. Бұл Қазақстанда іске асып жатқан ауқымды бастамалардың бір бөлігі ғана, – деп түйіндеді Президент.

– Елімізде нейрожелі көмегімен түсірілген фильмдердің халықаралық фестивалі өтеді. Сондай-ақ келесі жылы елордамызда Халықаралық киберспорт федерациясының қолдауымен әлемдік дода ұйымдастырылады. Бұл Қазақстанда іске асып жатқан ауқымды бастамалардың бір бөлігі ғана, – деп түйіндеді Президент.

● Өзекті мәселе - оңды шешім

Инабат АҚЕТПАЕВА

ТАЗА СУ – ТҰРМЫС ТІРЕГІ

Ұлан ауданында ауызсу мәселесін шешуге бағытталған үш ірі жоба жүзеге асып, ел игілігіне берілді. Ауызсу – адам өмірінің ажырамас қажеттілігі ғана емес, елді мекендердің әлеуметтік тұрмысын айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі. Осы ретте Ұлан ауданында тұрғындарды сапалы ауызсумен қамту, су тапшылығының алдын алу және ұзақ жылдар бойы қордаланған мәселелерді шешу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Аудан елді мекендеріндегі сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту мақсатында бірқатар жаңа жобалар қолға алынған болатын. Соның нәтижесінде Ұлан ауданына қарасты Отрадное, Бозанбай ауылдары мен Асубұлақ кентінде сумен жабдықтау нысандарын салу және қайта жаңарту бойынша үш ірі жоба сәтті жүзеге асырылып, пайдалануға берілді. Айрықша атап өтерлігі, маңызды бастамалар Бас прокуратура тарапынан мемлекетке қайтарылған активтер есебінен қаржыландырылды. Бұл – ел игілігіне бағытталған қаражаттың нақты нәтижеге айналып, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға жұмсалып отырғанының айқын көрінісі. Жүзеге асқан жобалардың нәтижесінде өңірде ұзақ уақыт бойы шешімін күткен таза ау-



ызсу мәселесі оң шешімін тапты. Қазіргі таңда 1000-ға жуық үй иелігінде тұратын 3 мыңнан астам тұрғын, сондай-ақ 20 әлеуметтік нысан сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. Бұл – ең алдымен, ауыл тұрғындарының күнделікті тұрмысына оң әсер ететін маңызды жетістік. Таза әрі тұрақты ауызсудың қолжетімді болуы елді мекендердің әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, олардың одан әрі дамуына да мүмкіндік береді.

Аталған жобалар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға өз үлесін қосуда. Сонымен қатар мемлекетке қайтарылған активтердің халық игілігіне тиімді бағытталып, нақты әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсалып жатқанын көрсетеді.

БАСПАСӨЗ - 2026

Аудандық «Ұлан айнасы» қоғамдық - саяси апталық газетіне 2026 жылға жазылу басталды. Біздің басылым бұрынғыдай аптасына бір рет, яғни жұма күні шығады.

Құрметті оқырмандар сүйікті газеттеріңізге пошта арқылы жазылуға болады.

Индекс	1 айы/месяц		3 айы/месяца		6 айы/месяцев		12 айы/месяцев	
	ауыл	село	ауыл	село	ауыл	село	ауыл	село
19120 (инд)	615 т		1845 т		3690		7380	
19121 (вед)	635 т		1905 т		3810		7574	

KAZPOST

93 жыл тарихы бар «Ұлан айнасы» газетімен бірге болып ауданымыздың тыныс - тіршілігінен тыс қалмаңыз!